

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін
Балабақша менгерушісі
Р. Қаламбаева

«Таңғажайып Жаңа- ЖЫЛ»

«Жауқазын» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Сарыбаева.Ж
Абдулаева.М

2021-2022ж

Таңғажайып Жаңа- Жыл

Армысыздар қадірлі қонақтар, құрметті ата-аналар, ұстаздар және балалар. Міне, барлығымыз сағына күткен жаңа жыл мерекеміз де келіп жетті. Баршаңызды Жаңа-жыл мерекесімен құттықтаймын. Жанұяларыңызға амандық, бақыт, шаттық тілей отырып балғын бүлдіршіндеріміз сіздерді қуанта берсін.

Әдептен озбай үлкендермен амандасып алайық.

Ұл, қыз сәлем береміз.

Өнегелі оренбіз,

Сәлем сөздің анасы.

Сәлеметсіздерме қонақтар

Безеніпті шырша да,

Түрлі моншақ таққандай.

Көз тоймайды қарасақ,

Ойыншықтар көп қанадай.

«Таңғажайып Жаңа-жыл» атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Ал балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Ендеше жұмбақты шешіп көріңдер.

Сақалы желбіреп,

Жүрегі елжіреп.

Жылда бір келеді,

Көп сыйлық береді.

Тәрбиеші: Ол не балалар ?

Балалар: Аяз-ата

Тәрбиеші: Ия жарайсындар балалар . Ендеше мерекеміздің сәнін келтіретін Аяз-ата мен Ақшақарды ортамызға шақырайық.

Балалар: Аяз-ата, Аяз –ата, Аяз –ата.

Аяз –ата: Амансың ба ұлдарым,
Амансың ба, қыздарым
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай жарқын жырларың.

Ақшақар: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар.
Таңырқап тұрмаңыздар
Сәнді шырша шақырады,
Шырша жырын жырлаңыздар.
Келіндер, келіндер
Ән де салып беріндер.

Тәрбиеші: Ал балалар бәріміз
Қол ұстасып алайық
Шыршамызға бәріміз
Көңілді ән салайық.

Балалар: «Шырша әні» .
Таяғы бар қолында
Қар борайды соңында
Қандай сыйлық бар екен

Аркалаған қабында
Қаптың аузы ашылды
Ойыншықтары шашылды
Аяз ата би билеп
Әнімізге қосылды
Сақалының ұзыны-ай
Саудыраған мұзын ай
Жарқыраған оттары –ей
Жаңа-жылдың қызығы-ай

Тәрбиеші: Ал бәріміз тақпақты
Тақылдатып айтайық
Мерекеге сән беріп,
Тақпақ айтып берейік.

Айару : Жаңа-жыл ,жаңа жыл
Жаңа жылда –жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.

Ақжан: Аяз ата келіп тұр,
Бізге сәлем беріп тұр
Тақпақ айтқан балаға
Сыйлықтарын беріп тұр.

Сандуғаш: Мұздан моншақ тағынып
Күміс алқа малынып
Ортада тұр Ақшақар
Көптен күткен сағынып

Нұрсая: Аяз –ата келіп тұр
Бізге ойыншық беріп тұр
Ал достарым келіндер
Ән мен жырды төгіндер

Бағдәулет: Бақшада бүгін
Жыл сыйлығын
Атамыздан аламыз
Гүлдей жайнап, күліп ойнап.
Шырқап әнге саламыз.

Раяна: Атлас шапан етегі
Судыр –судыр етеді
Базарлығы мол екен
Бәрімізге жетеді.

Анель: Шаттанындар жаңа-жылда
Әлемде болсын тыныштық
Жаңа-жылда үйіңізде
Ене берсін ырыс-құт!

Сезім: Ән саламыз би-билеп
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің жаңа-жыл
Қандай қызық көңілді

Бағжан: Ақ қырауға малынған.
Сақалы да, мұрты да,
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Сабина: Жаңа-жылды тойлайық
Күліп билеп ойнайық
Аяз-ата қуансын деп
Дөңгеленіп зырлайық.

Жұлдыз: Ақ қырауға малынған
Сақалы мұрты да
Аяз-ата сағынған
Сәлем берді жұртына

М. Айару: Жүзімізге күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа-жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.

Арсен: Аяз-атам ақ атам
Саған арнап ән айтам
Құт қуаныш әкелсін
Құтты болсын ақ батам

Мансұр: Ақ қырауға малынған
Сақалы да ,мұрты да
Аяз-ата сағынған
Сәлем берді жұртына

Алихан: Аспан жерге төгілді
Ақ күмісті уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап.

Нұрай: Аяз-ата аман ба
Аман болғай қашанда
Қаршақызды сүйеміз
Ізетпен бас иеміз.

Айкөркем: Келіндер ,келіндер
Тақпақ айтып беріндер
Жомарт аяз-атадан
Сыйлық алып көріңдер.

Тәрбиеші: Бірге болсын ойымыз,
Бірге болсын тойымыз.
Балдырғандар жараса,
Би билейді тамаша –дей отырып Абдулла Нұрай мен Әуесбек
Анельдің орындауындағы «Балапандар» биін тамашалаңыздар.

Ойын: Ата-аналармен қағаздағы сұрақтар бойынша қимыл қозғалыстар
жасату. Түскен сұрақтары бойынша.

Тәрбиеші: Жасыл шырша жанында
Көңілдіміз баршамыз.
Ән салуға, би билеуге
Біз дайынбыз қашанда.

Ал ендігі кезекте «Жауқазын» тобының бүлдіршіндерінің
«Қол шатыр» биін тамашалаңыздар.

Аяз-ата: Ой бәрекелді балалар, Ақшақар екеумізді бүгін бір қуантып
тастадыңдар ғой, рахмет сендерге. Өнерлі екенсіңдер ғой. Қызым сенің
ата-аналарға дайындаған ойының бар еді ғой.

Ақшақар: Ия, Аяз-ата, менің дайындап келген ойыным бар еді.

Ойын: «Кім жылдам» Ата-анамен қап киіп шырша айналып секіріп,
баласына иогурт жегізу.

Мешін: Келді міне жаңа-жыл аппақ болып
Ән болып жұмбақ болып, тақпақ болып
Бақшамыздың тұсына қонып жатыр
Аяз болып, мұз болып, қатқак болып
Сендермен қоштасар сәтім келді

Айналайын балалар қарсы алыңдар

Жаңа –жылды асыға көптен күткен- дегенде есік қағылып
жаңа –жыл тауық кіреді.

Тауық: Армысыздар балалар
Бармысыздар халайық
Жаңа –жылды жұп жазбай
Келіндер қарсы алайық
Жақсылыққа бағыт алған
Тауықпын пен Жаңа-жыл
Жаңа-жылды барлығыңыз
Жаңа үміт таба біл.

Аяз-ата: Қоштасатын кез келді,
Сағынамын сендерді
Келесі жылы кездескенше
Аман болыңдар енді
Сау болыңдар, балалар.

Тәрбиеші: Сау бол Аяз-ата мен Ақша қар.

Тәрбиеші: Көңілде көп қуаныш
Әр көңілде жақсы үміт
Кетер жылға мың алғыс
Әкелген көп жақсылық

Осымен бүгінгі Жаңа –жылдық ертеңгілігіміз аяқталды. Жылдан –жылға
аман сау жүре берейік. Ендігі құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың
меңгерушісіне және балабақша әдіскеріне береміз.

Жаңа-жыл мерекесіне жүректен шыққан жылы лебіздерін білдіру үшін
құттықтау сөз кезегін ата-аналарға береміз.

